

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК
«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ №80 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ**

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Таңдау курсының бағдарламасы

3-сынып

Нұр-Сұлтан, 2022

Нұр-Сұлтан әкімдігінің «С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық Сараптамалық кеңеске ұсынылды (хаттама № 3, 11.12.2021 ж.)

Пікір берушілер:

Қасенов Е.С. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А.–педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушылар: Аманова Т.С. Аманова С.С «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы.Таңдау курсының бағдарламасы. 3-сынып-Нұр-Сұлтан,2022.-14 б.

Бұл бағдарлама Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша таңдау курсы үшін құрастырылды. Таңдау курсы 3-сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінің лексика, фонетика, морфология, синтаксис тәрізді тарауларын теориялық – практикалық тұрғыда қолдануға бағытталды. Бағдарлама мазмұны білім алушылардыңшығармашылықой-өрісінкеңейтуге, логикалық ойлау қабілетін дамытуға, баланың дербес жұмыс істей алу қабілеті мен дағдысын қалыптастырады.

Мазмұны

Түсінік хат	3		
Бағдарлама мақсаты, міндеттері, нәтиже.....	5		күтілетін
Оқушыларға талаптар	6		қойылатын
Күнтізбелік жоспар.....	7	-	тақырыптық
Қысқаша нұсқаулар.....	9		әдістемелік
Пайдаланылған әдебиеттер	14		

Түсінік хат

Білім алушыларға сапалы, ұлттық сипатта заманауи білім береміз десек, ең алдымен Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының мына бір қағидасын бұлжытпай орындауға міндеттіміз: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды»[1,357-б.]. Сондықтан ұлттық оқыту жүйесін А.Байтұрсынұлының осы пікірін басшылыққа ала отырып, бастауыш мектептің бірінші сыныбынан, тіпті балабақшаның мектеп алды дайындық тобынан бастап мына пікірін қалтқысыз орындау бүгінгі біздің басты мақсатымыз болуға тиіс.

Технология авторы Н.А.Оразахынованың пікірінше: «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі», – деп сипатталады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының әдістемесі психология, педагогика ғылымдарының қағидаларымен, Алаш арыстарының білім беру, тәрбиелеу жөніндегі ой-тұжырымдары және әр түрлі пәндердің теориялық негіздерімен тығыз байланысты.

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы бойынша 3-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарлама мазмұны тілдік бірліктердің фонетика, морфология және синтаксис салаларын сатылай талдау, диалогтік сатылай талдау, сатылай кері талдау және математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру педагогикалық-әдістемелік жүйесі жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделіп ұсынылған. Бағдарлама мазмұны жас ерекшеліктеріне сай 3-сынып оқушыларының қызығушылықтарын ескере отырып құрылған.

Білім алушылар тіл білімі заңдылықтарын, практикалық-теориялық тұрғыда қолдану жолдарын, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларына дамыту әдіс-тәсілдерін, алған білімдерін күнделікті өмірде сауатты пайдалануды бастауыш

сыныптардан бастап игерулері тиіс. Осы тұрғыда «Сатылай кешенді оқыту» технологиясына негізделген әдіс- тәсілдерді жақсы меңгерген білім алушылар ауызша командалық олимпиадалар мен байқауларда, жоба қорғау кездерінде бағдарламадан меңгерген білімдерін жүйелілікпен қолданып жоғары жетістіктер көрсетуде.

Бағдарлама мақсаты:

Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын негізге ала отырып, білім алушылардың тілдік бірліктердің дыбыстық, лексикалық, грамматикалық құрылымы мен жүйесін сатылай кешенді талдауға үйрету, стандартты емес шарттармен берілген тәсілдер арқылы практикалық тұрғыда жұмыс істеуге дағдыландыру, оқушылардың ақыл-ой өрістерін, оқу сауаттылықтарын дамыту.

Міндеттері:

- Білім алушылардың тіл білімін арттыру, оларға тілді екі тұрғыда (практикалық, ғылыми) білуге мүмкіндік туғызу.
- Тапсырмаларды орындау барысында өзіндік білімдерін өздері тексеру дағдысын қалыптастыру және жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.
- Бүгінгі күннің талабы мен міндетін атқара алатын, оқу сауаттылығы жоғары және патриотты тұлғаны дайындау.

Күтілетін нәтиже:

- Оразахынованың Н.А. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын тіл білімін меңгеруде ғылыми және практикалық тұрғыда қолдана алады.
- Тілдік қатынас арқылы тыңдалым, айтылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері жоғары деңгейде дамиды.
- Рухы биік, ұлттық құндылықтарды бағалай білетін елжанды, сөйлеу мәдениеті жоғары парасат иесі, жеке тұлға тәрбиеленеді.

Оқушыларға қойылатын талаптар:

- сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- нақыл сөздердің мәнін ашу;
- мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу;
- өз сыныптастарының (т.б) портретін суреттеу;
- өлең құрастыру, ойдан ертегі, әңгіме құрастыру
- еркін тақырыптарға шығарма,ойтолғау, эссе жазу;
- ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
- өлеңді қарасөзге айналдырып мәтін құрау;
- ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
- тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- автордың көзқарасы туралы өз ойын әдеби тілді баяндай білу т.б

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы таңдау курсының нәтижесінде оқушылардың келесідей қабілеттері қалыптасады:

- Лексика, фонетика, морфология, синтаксис тіл білімі салаларының анықтамасын біледі.Сөздік қорға жататын сөздердің шарттарын біледі.
- Сөздік құрамға кіретін сөз топтарын анықтайды.
- Сөз мағынасын ажыратады.
- Дыбыстардың дыбыстау мүшелеріне (өкпе, дауыс шымылдығы, таңдай, тіс, ерін т.б) қарай өзгеретінін бағалайды.
- Буын түрлерінің анықтамасын біледі және оның түрлерін ажыратады.
- Тасымалмалдауда буын түрлерінің ерекшелігін қолданады.
- Екпін анықтамасын біледі, практикалық тұрғыда сөз екпінінің орнын табады.
- Дыбыс үндестігі,буын үндестігін ажырата алады.
- Түбір сөздің анықтамасын біледі және оған жалғанған қосымшаларды анықтайды.
- Туынды түбірді сөз құрамына талдай алады.

- Қосымшалардың орын тәртібін ажырата алады.
- Күрделі сөздерді ажырата алады.
- Сөздерді сөз таптарына жіктеу.
- Сөз таптарының мағыналық белгісін біледі және сатылай талдауда қолдана алады.
- Дыбыстарды математикалық тәсілмен сатылай жіктей алады;
- Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау.
- Берілген тақырып бойынша ой толғау жасайды.

Күнтізбелік –тақырыптық жоспар
3-сынып
Барлығы–34 сағат (аптасына –1 сағат)

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Оның ішінде	
				Теориялық білім беру	Тәжірибелік білім беру
1-2	Сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау (екі тыныс белгі). (1 сатысы)	2 сағат		1	1
3-4	Хабарлы сөйлемнің тәсілдері мен формалары	2 сағат		1	1
5-6	Сұраулы сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау	2 сағат		1	1
7-8	Лепті сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау	2 сағат		1	1
9-10	Шығармашылық сабақ	2 сағат		1	1
11-12	Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру	2 сағат		1	1
13-14	Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру	2 сағат		1	1
15-16	Сөз. Сөзге сөзсазындық талдау жасау	2 сағат		1	1
17-18	Сөз. Тілдік материалдарды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу	2 сағат		1	1
19-20	Өзінді-өзің тексер! Жат жазу	2 сағат		1	1

21-22	Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципiмен өрнектеу	2 сағат		1	1
23-24	Дыбыстарды белгiсiздiкпен өрнектеу, теңдеудi шешу, дыбыстардың мәнiн орнына қойып, баяндау	2 сағат		1	1
25-26	Сөз таптарын сатылай кешендi талдау. Зат есiм.	2 сағат		1	1
27-28	Өзiндi-өзiң тексер! Жат жазу	2 сағат			2
29-30	Олимпиадалық тапсырма Дыбыстарға дыбыстық мiнездеме беру (диалогтi).	1 сағат			1
31	Олимпиадалық тапсырма Сөйлемге синтаксистiк сатылай кешендi талдау (5 сатысы).	1 сағат			1
32	Олимпиадалық тапсырма Туынды түбiр зат есiмге сатылай кешендi талдау (8 сатысы, диалогтi).	1 сағат			1
33	Олимпиадалық тапсырма Бiр қосымшалы сөзге сөзсаяндық талдау (6 сатысы, керi, диалогтi).	1 сағат			1
34	Тест	1 сағат			1

Қысқаша әдістемелік нұсқау

1. Сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау (1 сатысы)–2 сағат

Сөйлемде екі тыныс белгісі бар. Олар: нүкте және сызықша.

а) Нүктенің қойылу себебі ойды аяқтап, сөйлемді тиянақтап тұр.

ә) Сызықшаның қойылу себебі – бастауышымыз атау тұлғалы зат есімнен, баяндауышымыз (-і) есім тәуелдік тұлғалы зат есімнен болғандықтан бастауыштан кейін сызықша қойылып тұру себебін практикалық жолментүсіндіру.

«Сабыр» сөзіне қысқаша жазылым бойынша сөзсазындық талдап жеке жұмыс ретінде орындайды. Жазылым, айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады.

2. Хабарлы сөйлемнің тәсілдері мен формалары -2сағат

Сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау (2 сатысы)

Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – хабарлы сөйлем. Себебі, ой баяндай жеткізіліп тұр. Хабарлы сөйлем дегеніміз – айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Хабарлы сөйлем интонациялық жағынан көтеріңкі басталып, бәсеңдеп бітеді. Сөйлем соңында жазуда нүкте қойылады.

Сабақта берілген тапсырмалар синтаксистік талдау сатыларын есте сақтауына көмектеседі. Білім алушылар өтілген материал жайлы ой толғайды, пікірлеседі, талқылайды осы әрекеттер арқылы ізденеді, зерттейді және шығармашылықпен өзіне қажетті білімді құрастырады.

3. Сұраулы сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау –2 сағат

Жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті бойынша сөйлемге синтаксистік талдау (3 сатысы) жасайды.

Денсаулығыңыз жақсы ма?

Сөйлемде бір тыныс белгісі бар. Ол – сұрау белгісі (?).

Сұрау белгісінің қойылу себебі жауап алу мақсатында ма шылауының қолданылуы арқылы сұрай айтылып тұр.

Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – сұраулы сөйлем. Себебі, сөйлем сұрау мағынасында айтылып тұр.

Құрылысына қарай – жай сөйлем. Себебі, бірнеше сөзден құралып келіп, тиянақты бір ғана ойды білдіріп тұр.

4. Лепті сөйлемге синтаксистік сатылай кешенді талдау–2сағат

Білім алушылар өлеңді мәнерлеп оқып, жорамалдау тәсілі арқылы лепті сөйлемдерді ажыратады. «Тірек сызба» ойыны арқылы лепті сөйлемге синтаксистік талдау (3 сатысы) жасайды. Шарты: Топ мүшелері біріне-бірі тірек болып тұрады. Талдаудың келген жерінен жалғастырып айтады. Топтар бірін-бірі бағалайды.

5. Шығармашылық сабақ –2сағат

Мәтінді солдан оңға қарай оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қайың

ңыйаҚ киіб нитесө імедә шаға. ңынО ыратқатұб ииж ыдалоб. ңынңыйаҚ ыратқарыпаж рытлыж, лысаж-паж. ыдңыйаҚ піи анаш ыдйасаж. ынО едріме пөк ыданаладйап

1-топ «Қар еріді ме, суақты ма?»

2-топ «Жылжып-жылжып жыласты»

3-топ- «Ана тілің–арың бұл!» сөйлемдерін салмақты, көңілді, көңілсіз, қорқынышты, ашулы дауыс ырғағымен оқыңдар» деген стандартты емес тапсырмалар білім алушылардың ойлау қабілетінің жан-жақты дамуына, әріптерді кез-келген бағытта дұрыс тани алу, сөйлемнің мазмұндық ерекшеліктерін анықтау қабілетін арттыруға ықпал ететін тапсырмалар мен жаттығулар.

6. Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру. У дыбысының дауысты және дауыссыз болып айтылуы –2сағат

Практикалық жұмыс арқылы у дыбысының дауысты дыбыс немесе дауыссыз болып тұрғанын дәлелдейді. Ереже шығарады. У дыбысы дауысты болып тұрған сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріледі.

«Сусын» сөзіне математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру жеке жұмыс ретінде жүзеге асады.

7. Дауыссыз дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру -2 сағат

«Адасқан әріптер» ойыны арқылы дауыссыз дыбыстарға дыбыстық мінездеме беріліп, жазылым, айтылым, тыңдалым әрекеті жүзеге асады.

Оқыту ұжымдық формасы арқылы «Еңбек» сөзіне математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беріледі. Жазылым бойынша тілдік материалға сатылай кешенді талдау жасалады.(1-деңгей)

8. Сөз. Сөзге сөзсазындық талдау жасау –2 сағат

Сөзге сөзсазындық талдау жасау арқылы сөздердің айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай түрлерін толық түсініп меңгеруге жағдай жасалады.

«Ұйқасын тап» ойыны арқылы топтық тапсырма беріледі.

1. Қорқақ өз көлеңкесінен де ...
 2. Қорқақ өз көлеңкесінен де
 3. ... – ынтымақ.
 4. Оқу инемен құдық
 5. ... құдығыңа түкірме.
 6. Өлімнен
 7. Талап-талмас... .
 8. Ата- бәйтерек
- Бала – ...

Нүктенің орнына қойылған кез келген сөзге сөзсазындық талдау жасалады. Жазылым , айтылым, тыңдалым іс-әрекеттері жүзеге асырылады. Топтық бағалау жүргізіледі. Ұлттық ойындарды қолдануға болады

9. Сөз. Тілдік материалдарды жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу-2сағат

«Өтірік», «адалдық», «жомарт», «саран» сөздерін сөзсазындық талдауды қысқаша ықшамдау принципімен өрнектейді. Сөзсазындық талдау жазбаша орындалады, топтар бір-бірінің жұмыстарын кезекпен тексеріп шығады.

10. Өзіңді-өзің тексер! Жат жазу -2сағат

Алған білімдерін зерделеу деңгейлік тапсырмалар арқылы дербес, жеке, жазбаша орындайды.

1-деңгей:

1. Тілдік бірліктерді толық жазылым бойынша сатылай кешенді талдау.
2. Тілдік бірліктерді қысқаша жазылым бойынша талдау.
- 3.Тілдік бірліктерді жазылым бойынша ықшамдау принципімен өрнектеу.

Шығармашылық тапсырма жеке жұмыс формасы арқылы жүзеге асады (4 ұпай)

Сөзге математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру жоғарғы қиындықтағы тапсырма ретінде жазылым іс-әрекеті жүзеге асады. (Дарынды және талантты балалар) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында фонетика, сөзжасам, морфологиялық бірліктерден талдап үйренген материалдарды жатқа жазу талабы қойылады.

11. Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу–2 сағат

Сөздегі дыбыстарды ықшамдау принципімен өрнектеу ұжымдық оқыту формасы арқылы жүзеге асады. Жазылым бойынша тілдік материалды сатылай кешенді талдау жасау. (1-деңгей)

Үлгі:

Б: Еркелесем = О = □/Δ = ?

Ш: Еркелесем = 90 = 4(4e)□/5(p,к,л,с,м)Δ;

□

а) 4□=4(4e)□/Ø□;

б) 4□=4(4e)□ U Ø/ Ø ;

в) 4□=Ø□/4(4e)□;

Δ

а) 5Δ=2(к,с)ΔU ØΔ/3(p,л,м) Δ;

б) 5Δ=1(к)ΔU1(с)Δ/1(p) Δ U1(л) Δ U1(м) Δ ;

в) 5Δ=1(м)ΔU1(с)ΔU1(к)Δ U2(p,л) Δ .

12. Дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып, баяндау -2сағат

Білім алушыларға дыбыстарды белгісіздікпен өрнектеу, теңдеуді шешу, дыбыстардың мәнін орнына қойып сатылай кешенді талдауда төмендегі шартты белгілер негізге алыну қажеттілігі бойынша нұсқау беріледі.

х –дауысты дыбыс

у –дауыссыз дыбыс

Үлгі:

Б: Қанағат, сабыр, еңбек =О=x/y=?

Ш: 17o=7x/10y;

а) 7x=5(5x)/2(2x);

ә) 7x=4(4x) U 2(2x)/1(x);

б) 7x = xØ/7 (7x).

а) 10y=4(4y) U 3(3y)/3(3y);

ә) 10y=5(5y) U 2(2y)/1(y)U O (y) U 2(2y);

б) 10y= 2(2y)U1(y)U2(2y) U1(y)U3(3y) U1(y).


13. Өзінді-өзің тексер! Жат жазу –1сағат

Жат жазу сатылай кешенді талдауды сауатты меңгергендіктерін бақылау мақсатында өткізіледі.

Тест дыбыстарды қарапайым символдармен белгілеу арқылы жүргізіледі


14. Сөз таптарын сатылай кешенді талдау. Зат есім –2сағат

Зат есімді сатылай кешенді талдаудың сызбасы



- б) деректі/ дерексіз
в) нақты/нақты емес.

Үлгі: **Ата**



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 2-қосымша
2. Ш.К.Бектуров –Қазақ тілі «Атамұра баспасы»- Алматы, 2006. – 336 бет
3. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 432 бет.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
5. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.
6. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
7. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
8. Оразахынова Н.А.Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Телеарна, 2006. – 302 б.
9. Н.А.Оразахынова. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы:«Дайыр» баспасы, 2007ж.-289 б.
10. Б.Қ. Қапасова, Оқушы анықтамалығы «Арман-ПВ» баспасы, 2004ж-168 б.